

**«6D050600-Экономнка» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD)**

**дәрежесін алу үшін ұсынылған Қалыбекова Динара Байғалиевнаның
«ЕАЭО жағдайында Қазақстан экономикасын цифрлық
трансформациялаудың экономикалық тиімділігі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШІКІРІ

**1. Диссертация тақырыбының бекіту күніне) ғылымның даму
бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.**

*1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік
бағдарламаларға сәйкестігі.*

2020 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия отырысының хаттамасында ғылымды дамытудың 2021-2023 жылдарға арналған 10 басым бағыты бекітілді. Диссертацияның тақырыбы Қазақстан Республикасындағы «Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» ғылыми басым бағытына сәйкес келеді. Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасының келесі мемлекеттік маңызы бар бағдарламалары мен Ұлттық жобаларына сәйкес келеді:

1) «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы;

2) «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы;

3) «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және цифрлық саланы дамыту тұжырымдамасы»;

4) «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы;

2. Ғылымға маңыздылығы.

Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады және маңыздылығы ашылған.

Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы жақсы ашылған және көбінесе оның өзектілігімен, алынған нәтижелердің жаңалығымен, олардың теориялық маңыздылығымен және практикалық құндылығымен анықталады. Диссертация экономика ғылымының дамуына үлес қосады, атап айтқанда, цифрлық экономика саласындағы ғылыми білімді жалпылайды, дамытады және толықтырады.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша барлығы 15 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде 1 мақала SCOPUS базасының журналында, 5 мақала Қазақстан Республикасы Жоғары Білім және Ғылым министрлігінің Жоғары Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған жарияланымдарда, 9 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған.

3. Өзі жазу принципі. Өзі жазу деңгейі: жоғары;

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Қалыбекова Д.Б. өзі жазу қағидасын толықтай ұстанған.

4. Ішкі бірлік принципі.

4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: негізделген;

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) жағдайында цифрлық жаңғырту үдерісі және оның Қазақстанның ұлттық экономикасының трансформациясына әсері, индустрияландыруды енгізудің экономикалық тиімділігі салыстырмалы талдауды қажет етеді. Жалпы, цифрландыру отандық кәсіпорындарымыздың бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру, сондай-ақ халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін қажет.

4.2 Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көрсетеді – ия;

Жұмыстың мазмұны диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізілетіндей құрылымдалған.

4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: сәйкес келеді;

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттерін автор нақты тұжырымдаған. Диссертациялық зерттеу «Цифрлық экономикалық теория теориясы және әдебиеттану негіздері, Қазақстанның ЕАЭО жағдайында цифрлық түрлендірудің экономикалық тұрғыдан тиімділігін анықтауға» бағытталған.

Осы аталған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылды:

– ғылыми-теориялық аспектілерді негізге ала отырып цифрлық трансформациялау мен цифрлау түсінігін және олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;

– Қазақстан экономикасын ақпараттық – коммуникациялық технологиялар арқылы цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігін анықтаудың әдістемесін әзірлеу;

– ЕАЭО жағдайындағы Қазақстанның цифрлық трансформациялау бойынша ағымдағы жағдайын талдау;

– Цифрлық трансформация әсерінен ЖІӨ-нің халықтың жан басына шаққандағы әлеуметтік-экономикалық әлеуеті талдау негізінде даму болжамын жасау;

– Қазақстан экономикасына қолайлы цифрлық экономиканың ұлттық үлгісін құрудың еліктеу гибрид құрылымы ұсыну;

– Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар мен бағыттар ұсыну.

4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: толық байланысқан;

Диссертация тұтас зерттеу болып табылады, оның барлық бөлімдері бір-бірімен толығымен байланысты және логикалық жүйелілікпен, құрылымдық толықтықпен және мазмұнның ішкі бірлігімен сипатталады. Қарастырылып отырған жұмыс нақты логикаға ие, автор қойылған мақсат пен міндеттер контекстінде диссертацияның негізгі ережелерін дәйекті түрде дамытады. Осылайша, диссертациялық зерттеудің логикасы зерттелетін мәселенің бар теориялық және әдістемелік ережелерін жалпы ғылыми талдаудан қазіргі жағдайда оның ерекшеліктеріне авторлық көзқарасты қалыптастыруға, оның ішінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдауға дәйекті көшу арқылы жүзеге асырылады.

4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: сыни талдау бар;

Белгілі шешімдерді сыни талдау негізінде автор диссертациялық зерттеудің мазмұнын көрсететін өз шешімдерін ұсынып, дәлелдейді. Осылайша, цифрлық экономиканың тиімділігін бағалау мәселесінің теориясы мен әдістемесі саласындағы шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектеріне кең көлемді сыни талдау жүргізу автордың бағалау әдіснамасы туралы көзқарасын негіздеуге, тиімді цифрлық экономиканы басқару тәжірибелік тәсілдерді әзірлеуге жүйесін құру мүмкіндік берді. Автор ұсынған шешімдер дәлелденген, белгілі шешімдермен салыстырылған.

Ғылыми жаңашылдық принципі.

5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?

- Ия, жаңа болып табылады;

Автордың диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелер мен қағидаларын жаңа деп айтуға негіз болатын келесідей тұстары:

- **Бірінші ғылыми нәтижесі:** «Цифрлық экономика» түсінігінің авторлық анықтамасы белгілі түсіндірмелерден қоғам қажеттілігі, уақыт, қолайлылық және нәтиже сияқты ұғымдарды экономикалық категориялармен ұштастыра қамтылуымен ерекшеленеді;

- **Екінші ғылыми нәтижесі:** Қазақстан экономикасын ақпараттық – коммуникациялық технологиялар арқылы цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігін анықтаудың әдістемесі;

- **Үшінші ғылыми нәтижесі:** Цифрлық трансформация әсерінен ЖІӨ-нің халықтың жан басына шаққандағы әлеуметтік-экономикалық әлеуеті талданып, 2026 жылға дейінгі даму болжамы;

- **Төртінші ғылыми нәтижесі:** Дамыған озық мемлекеттер тәжірибесі негізінде жасалған талдаулармен Қазақстан экономикасына қолайлы ұлттық үлгіні құрудың еліктеу гибрид құрылымы;

- **Бесінші ғылыми нәтижесі:** Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар мен бағыттары.

5.2 Диссертацияның қоыртындылары жаңа болып табыла ма? Ия, жаңа болып табылады;

Зерттеу барысында автор жаңа деп сипаттауға болатын тиісті тұжырымдар жасады. Олар шығарманың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Автордың көзқарасын зерттелетін мәселенің іргелі терминдерін тұжырымдау, цифрландыру тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу, цифрлық экономиканы басқару жүйесі бойынша ұсыныстарды әзірлеу кезінде байқауға болады.

5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?

- Ия, жаңа және негізделген болып табылады;

Автордың диссертациялық жұмысында берген техникалық, экономикалық және басқарушылық шешімдері (анықтамасы, әдістемелер қолдануы, алынған нәтижелері) жаңа және негізделген. Электронды құжаттау жүйесінің қолданыс тиімділігін анықтау мақсатында жүргізген зерттеулер нәтижесінде берген ұсыныстары Алматы облысы Қарасай аудандық мемлекеттік кірістер басқармасынан енгізу АКТ-де көрсетілген.

6 Негізгі қорытындылардың негізділігі. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген (*qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша*):

Ізденушінің диссертациялық жұмысында тұжырымдалған қорытындылар ғылыми тұрғыда негізделген. Ізденуші Скопус базасына жариялаған нөлдік емес импакт факторлы ғылыми журналда, халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияларда, Жоғары Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған жарияланымдарда зерттеу жұмысын жүргізген.

7 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар.

1ші қорғауға шығарылған тұжырымдама: «Цифрлық экономика түсінігінің авторлық анықтамасы белгілі түсіндірмелерден қоғам қажеттілігі, уақыт, қолайлылық және нәтиже сияқты ұғымдарды экономикалық категориялармен ұштастыра қамтылуымен ерекшеленеді.

7.1 Қағидат дәлелденді ме? - Ия, дәлелденген.

7.2 Тривиалды ма? - Жоқ, тривиалды емес.

7.3 Жаңа ма? - Ия, жаңа;

7.4 Қолдану деңгейі: - кең.

7.5 Мақалада дәлелденген бе? - Ия, дәлелденген. (Анализ и оценка экономических моделей использования и развития цифрового пространства на примере Евразийского Экономического Союза (Сансызбаева Г.Н.) //The Journal of Economic Research & Business Administration. №3 (129). 2019;)

2ші қорғауға шығарылған тұжырымдама: Қазақстан экономикасын ақпараттық – коммуникациялық технологиялар арқылы цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігін анықтаудың әдістемесі.

7.1 Қағидат дәлелденді ме? - Ия, дәлелденген.

7.2 Тривиалды ма? - Жоқ, тривиалды емес.

7.3 Жаңа ма? - Ия, жаңа;

7.4 Қолдану деңгейі: - орташа.

7.5 Мақалада дәлелденген бе? - Ия, дәлелденген. (Экономическая эффективность цифровизации в Казахстане: прогнозы и ожидания// Modern scientific challenges and trends//Warsaw, Poland Wydawnictwo Naukowe "iScience" 20th October 2019г. – С.27-32

3ші қорғауға шығарылған тұжырымдама: Цифрлық трансформация әсерінен ЖІӨ-нің халықтың жан басына шаққандағы әлеуметтік-экономикалық әлеуеті, 2026 жылға дейінгі даму болжамы.

7.1 Қазғидат дәлелденді ме? - Ия, дәлелденген.

7.2 Тривиалды ма? - Жоқ, тривиалды емес.

7.3 Жаңа ма? - Ия, жаңа;

7.4 Қолдану деңгейі: - орташа.

7.5 Мақалада дәлелденген бе? - Ия, дәлелденген. (Digital economy within the Eurasian Economic Union: current state and development prospects//Kalybekova D., Sansyzbayeva G., Koishybaeva M., Ospanbek T., Kulmaganbetova A., Regional Science Inquiry, Vol. XIII, (1), 2021, pp. 31-48)

4ші қорғауға шығарылған тұжырымдама: Дамыған озық мемлекеттер тәжірибесі негізінде жасалған талдаулармен Қазақстан экономикасына қолайлы ұлттық үлгіні құрудың еліктеу гибрид құрылымы ұсынылды.

- 7.1 Қазғидат дәлелденді ме? - Ия, дәлелденген.

- 7.2 Тривиалды ма? - Жоқ, тривиалды емес.

- 7.3 Жаңа ма? - Ия, жаңа;

- 7.4 Қолдану деңгейі: - орташа.

- 7.5 Мақалада дәлелденген бе? - Ия, дәлелденген. (World experience of implementation and application of digital economy//NEWS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES ISSN Volume 3, Number 325 (2019), 132 – 141)

5ші қорғауға шығарылған тұжырымдама: Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар мен бағыттар.

7.1 Қазғидат дәлелденді ме? - Ия, дәлелденген.

7.2 Тривиалды ма? - Жоқ, тривиалды емес.

7.3 Жаңа ма? - Ия, жаңа;

7.4 Қолдану деңгейі: - кең.

7.5 Мақалада дәлелденген бе? - Ия, дәлелденген. (Цифрлық экономика талаптарына бағытталған ақпараттық және коммуникациялық технологиялар бойынша мамандар даярлау қажеттілігін қолдау//Сағадиев оқулары-2020 "Новые подходы к развитию экономики Казахстана на современном этапе: особенности и перспективы" халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Алматы: 2020. -Б.207-216Қ

8 Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі.

8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: ия;

Диссертациялық зерттеудің әдістемесі негізделген. Цифрлық экономика тұжырымдамасының негізгі ережелері диссертациялық жұмыстың теориялық және әдістемелік негізі болды. Диссертациялық зерттеуде қолданылатын әдістер мен тәсілдер мақсатқа, міндеттерге және алынған нәтижелерге сәйкес келеді.

8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік

технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу мен интерпретациялау әдістерін пайдалана отырып алынған: ия;

Зерттеу әдістемесі өзіндік көзқараспен және ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды пайдалана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолданумен сипатталады. MS Excel, GRETЛ-2020, IBM SPSS Statistics бағдарламалары қолданған.

8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған: ия;

Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған байланыстар мен заңдылықтар эксперименталды зерттеумен дәлелденген және расталған, Ұлттық статистика бюросының деректері, сауалнама нәтижелері және корреляциялық және регрессиялық талдаулар негізінде аналитикалық есептеулермен расталаған.

8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған: ия;

Қалыбекова Д.Б. диссертациялық жұмысында маңызды мәлідемелер ғылыми еңбектермен, сондай-ақ мемлекеттік статистикалық бюросының мәліметтерімен, маңызды мемлекеттік есептермен, бағдарламалармен, ұлттық жобалармен расталған.

8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті: ия;

Диссертациялық жұмысын орындау барысында Қалыбекова Д.Б. 144 дереккөз әдеби шолуға жеткілікті, барлығына сілтемелері бар. Шетелдік ғалымдардың еңбектері жеткілікті қарастырылған. Халықаралық ұйымдардың есептері кеңінен қарастырылған. Сілтемелер талапқа сай рәсімделген.

9 Практикалық құндылық принципі

9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: ия.

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы экономикаларды цифрландыру саласындағы ғылыми жарияланымдарды зерделеу негізінде «цифрлық трансформация», «цифрлық экономика» ұғымдарының мазмұнын нақтылануы. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың теоретико-әдістемелік әзірлемелері экономика мамандықтары үшін «Цифрлық экономика», «Экономикадағы үлкен деректер», сияқты пәндерге оқу-әдістемелік материалдар сипатында қолданылуы мүмкін.

9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: ия;

Қалыбекова Д.Б. диссертациялық жұмысының практикалық құндылығы жоғары. Диссертация нәтижелері Қазақстанның цифрлық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, цифрлық инфрақұрылымды дамытудың стратегиялық басымдықтарын анықтауға, Қазақстан экономикасына цифрлық трансформация үшін инвестициялық белсенділікті қамтамасыз етуге ықшам етеді. Зерттеу жұмысының ұсыныстары мен бағыттарын енгізу

туралы актісіне Алматы облысы, Қарасай аудандық Мемлекеттік Кірістер Басқармасы қол қойған.

9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма?

- Ия, жаңа;

Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстары жаңа деп санаймын. Атап айтқанда мемлекеттік органдар үшін енгізу актісімен расталады. Автордың цифрлық экономиканың тиімділігін арттыру бойынша ұсынған ұсыныстары айтарлықтай ерекше, жаңа және негізделген.

10. Жазу және рәсімдеу сапасы.

Академиялық жазу сапасы: жоғары;

Қарастырылып отырған жұмыс айтарлықтай жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жазылған. Жазу стилі ғылыми, академиялық жазу сапасы жоғары, мәтін қолжетімді тілде берілген. Жұмыстың мазмұны мен безендірілуі кандидаттық диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Жобалауда жалпы академиялық жазудың сапасына нұқсан келтірмейтін әріптер мен шағын қателер бар.

Аяқталған диссертациялық жұмыстың өзектілігі мен ғылыми жаңалығын, теориялық және практикалық құндылығын ескере отырып, келесі кемшіліктер мен ескертулерді атап өткен жөн:

диссертацияда әзірленген цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігін анықтаудың әдістемесін жүйелі түрге келтіріп ары қарай дамыту;

рәсімделу сапасын техникалық талаптарға сай келтіру;

Ізденімпаз осы кемшіліктерді алдағы зерттеулерінде ескерсе ғылымға қосқан үлесі арта түседі. Бірақ бұл кемшіліктер жалпы шығарманың сапасын төмендетпейді.

Ресми рецензенттің шешімі: Аталған ұсыныстар мен берілген кеңестерге қарамастан Қалыбекова Динара Байғалиевнаның «ЕАЭО жағдайында Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялаудың экономикалық тиімділігі» тақырыбында даярлаған диссертациясы ҚР ЖБҒМ Жоғары Білім және Ғылым саласындағы сапаны камтамасыз ету бойынша Комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға Комитетке ұсыныс жасауға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Ғылым Комитетінің

Экономика Институтының бас директорының

ғылым жөніндегі орынбасары, PhD



Г.Ж. Алибекова

Қолын растаймын.
ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитетінің
«Экономика институты» ШЖҚ РМК
Кадр қызметі

2023.04.19